



БҰЙРЫҚ

02 қыркүйек 2025 жыл
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *201 н/к*
город Караганда

**Балаларды тасымалдауды
ұйымдастыруға жауапты
тұлғаны тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылы 26 наурыздағы №349 бұйрығымен бекітілген «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының», сондай-ақ 2003 жылғы 4 шілдедегі №476 «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес және білім алушыларды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептен тыс іс-шараларға байланысты білім алушыларды тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты тұлға ретінде тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары А.Ж.Сарсембаева тағайындалсын.

2. А.Ж.Сарсембаева келесі міндеттерді атқарсын:

2.1. Білім алушыларды тасымалдау кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету.

2.2. Тасымалдауға тартылған педагогтар мен еріп жүретін тұлғаларға нұсқаулықтар ұйымдастырып, оларды арнайы журналға тіркеу.

2.3. Тасымалдаудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында тасымалдаушылармен өзара іс-қимыл жүргізу.

2.4. Тасымалдауға байланысты әрбір іс-шара үшін білім алушылар мен еріп жүретін адамдардың тізімдерін дайындап, келісу.

2.5. Іс-шарадан кемінде 3 жұмыс күні бұрын жол-патрульдік полиция бөлімшесіне патрульдік сүйемелдеу ұйымдастыру туралы өтінім жолдау.

2.6. Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру туралы бұйрық шығару.

2.7. Балаларды сапар маршрутымен, қауіпсіздік шараларымен және тәртіп ережелерімен, сондай-ақ жауапты тұлғалардың ұялы телефон нөмірлерімен таныстыру.

2.8. Балаларды тасымалдау кезінде медициналық қызметкердің бірге жүруін қамтамасыз ету.

2.9. Балаларды сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін, сондай-ақ көру мүмкіндігі шектеулі (тұман, қар, жаңбыр) жағдайда автобуспен тасымалдауға жол берілмесін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Н.М. Мисюрина

Бұйрықпен таныстым:
А.Ж.Сарсембаева

